

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты, «Nur Otan» партиясы  
фракциясының мүшесі  
Қ.Т. Ержанға

2020 жылғы 23 қыркүйектегі  
№ ДС-137 хатына

### Құрметті Құдайберген Төлепұлы!

Сіздің ағын және ауыз су, мақта салалары мен жалпы ауыл шаруашылығындағы мәселелерге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

*Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына қатысты.*

Елбасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберіндегі тапсырмасына сәйкес Агроөнеркәсіптік кешенін (бұдан әрі – АӨК) дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты еңбек өнімділігін 2015 жылы ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін 1 адамға шаққанда 1,2 млн. теңгеден 2021 жылға қарай 3,7 млн. теңгеге дейін ұлғайту жолымен АӨК саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып белгіленген.

2019 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі салада жұмыс істейтін 1 адамға 2,4 млн.теңгені құрады, бұл ретте 2015 жылмен салыстырғанда 2 есе өсті. Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің өсуі негізінен аралық шығыстарды қысқартуға және жалпы қосылған құнды ұлғайтуға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы технологияларды енгізу есебінен болып отыр.

Өсімдік шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттырудың негізгі өлшемдері сапалы тұқымның болуы (2010 жылы – 72,7%, 2019 жылы – 91%), техникалық жарақтандырылуы (жаңарту деңгейі 2019 жылы 4,5%),

тыңайтқыштарды қолдану (2010 жылы – 7%, 2019 жылы – 18%) және т. б. болып табылады.

Мал шаруашылығында басты факторлардың бірі ұйымдастырылған шаруашылықтардағы ірі қара мал (бұдан әрі – ІҚМ) басының үлесін арттыру және олардың тұқымдық түрлендіруге қатысуы болып табылады.

Мал шаруашылығы саласында жүргізіліп жатқан жүйелі шаралардың арқасында ұйымдастырылған шаруашылықтардағы ІҚМ басының үлесі жыл сайын артып келеді және бүгінгі күні жалпы мал басының 44,9%-ын құрайды. Салыстыру үшін 2010 жылы бұл көрсеткіш 19,3%-ды құрады.

Жалпы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заманауи технологияларды, оның ішінде нақты егіншілік технологиясын енгізу, саланы цифрландыру, техниканы жаңартудың оңтайлы деңгейін белсенді техникалық қайта жарақтандыру және одан әрі қолдау, тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану, өндірісті әртараптандыру, суармалы жерлерді айналымға қарқынды енгізу, сондай-ақ мал шаруашылығын дамыту, оқыту және фермерлер арасында білім тарату жөніндегі жұмыстарды жалғастыратын болады.

Осы мақсаттарға ағымдағы жылы субсидиялау бағдарламалары шеңберінде шамамен 349,1 млрд.теңге, оның ішінде өсімдік шаруашылығына – 87,3 млрд. теңге, мал шаруашылығына – 94,3 млрд. теңге, қаржы құралдарына – 158,5 млрд. теңге бөлінді.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберіндегі тапсырмасына сәйкес Министрлік келесі «бесжылдыққа» арналған АӨК дамыту жөніндегі жаңа ұлттық жобаны әзірлеуге кірісті, онда міндеттердің бірі ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін бір адамға еңбек өнімділігін ұлғайту. Бұл міндетті шешу үшін қолжетімді қаржыландыру, жер қатынастары, агроғылымды дамыту, саланы цифрландыру, ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік мәселелері, сондай-ақ шикізаттың ғана емес, оны қайта өңдеудің экспорттық әлеуетін дамыту мәселелері пысықталатын болады.

Саланы одан әрі үдемелі дамыту үшін еңбек өнімділігін арттыру, жаңа технологияларды енгізуді жалғастыру, елге шетелдік инвестицияларды тартуға ғана емес, сонымен қатар алдыңғы қатарлы технологияларды, әлемдік нарықтардағы сауда байланыстарын тартуға, қазақстандық мамандардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік беретін ірі инвесторларды тарту талап етіледі. Еңбек өнімділігін арттыру үшін саланы техникалық және технологиялық қайта жарақтандыруға нақты екпін жасау қажет.

Өсімдік шаруашылығында пайдаланылатын тұқымдардың сапасын арттыру, енгізілген тыңайтқыштар көлемін ұлғайту және 2025 жылға қарай техниканы жаңарту деңгейін 6%-ға дейін жеткізу қажет. Мал шаруашылығында селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты ынталандыру, тұқымдық түрлендіру, сондай-ақ өсімін молайтудың қазіргі заманғы технологияларын қолдану есебінен асыл тұқымды мал басының үлесін ұлғайту жөніндегі жұмыс одан әрі жалғастырылатын болады.

Сондай-ақ саланы техникалық және технологиялық қайта жарактандыруға нақты екпін жасалатын болады. Егістік алқаптарын әртараптандыру, суармалы жерлердің алаңдарын ұлғайту, оның ішінде рентабельділігі жоғары дақылдарға көше отырып, жалғастырылады. Халықаралық талаптарға сәйкес ветеринариялық, фитосанитариялық және карантиндік қызметті одан әрі жаңғырту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

*Шардара су қоймасынан Өзбекстан Республикасының Арнасай су қоймасына 1 миллиард текше метрден астам су тасталуына және Түркістан, Қызылорда облыстарының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерді суармалы сумен қамтамасыз етуге қатысты.*

Ағымдағы жылдың басынан бастап өзбек тарапы Қазақстан республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне Айдар-Арнасайға 400 млн. текше метрге дейінгі көлемде су тастауды жүзеге асыру өтінішімен бірнеше рет жүгінген болатын.

Тату көршілік қарым-қатынастарды ескере отырып, қазақстандық тарап ағымдағы жылы 13 наурыздан бастап өзбек тарапы Шардара су қоймасына су ағынын орташа алғанда 850 текше метр/с төмен емес қамтамасыз ету шартымен Айдар-Арнасай төмендетілуіне су жіберуді жүзеге асыра бастады.

Алайда өзбек тарапы Шардара су қоймасына қажетті су ағынын қамтамасыз ете алмауына байланысты ағымдағы жылдың 16 наурызында Арнасайға су тастау тоқтатылды. Арнасай төмендетілуіне тасталған судың жалпы көлемі 17 млн. текше метрді құрады.

Орталық Азия елдерімен тату көршілік қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерін суармалы сумен қамтамасыз етуге кепілдік беруге мүмкіндік беретінін атап өткен жөн. Бұл елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы жыл сайын сумен қамтамасыз ету проблемасын шешу мақсатында Қырғыз Республикасы мен Тәжікстаннан электр энергиясын қабылдау есебінен Тоқтоғұл және Бахри Точик су қоймаларынан қосымша су ағызуды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

2019 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қырғыз Республикасына мемлекеттік сапары барысында тараптардың уәкілетті органдарының вегетациялық кезеңде Тоқтоғұл су қоймасынан көлемі 550 млн. текше метр қосымша су ағызуды жүзеге асыру мәселесін пысықтау туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында 2020 жылғы 26 мамырда Бішкек қаласында қырғыз тарапымен 2020 жылғы 10 маусым мен 31 тамыз аралығында Тоқтоғұл су қоймасынан 330 млн. текше метр көлемінде баламалы су ағызуды 300 млн. кВтс-қа дейінгі көлемде электр энергиясын қабылдауға қатысты уағдаластыққа қол жеткізілді. Сондай-ақ Тәжікстан Республикасынан шамамен 300 млн. текше метр Бахри Точик су қоймасынан баламалы су ағызуды 12,2 млн. кВтс-қа дейінгі көлемде электр энергиясын қабылдауды жүзеге асыру мәселесі пысықталды.

Тоқтоғұл және Бахри Точик су қоймаларынан қосымша су ағызуына, су айналымын қолдану, сондай-ақ коллекторлық суды қайта пайдалану нәтижесінде су тапшылығы мен ауыл шаруашылығы дақылдарының жойылу қаупінің алды алынды.

Бүгінгі таңда Түркістан және Қызылорда облысында суармалы су беру маусымы толығымен аяқталды, Шардара су қоймасы жинақтау режимінде жұмыс істеуде.

*Ұлттық банктің заңды тұлғаларға нақты ақшаны пайдалануға 120 млн. теңгеден аспайтын лимитіне қатысты.*

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Президентінің «Экономиканы тұрақтандырудың кейбір шаралары туралы» 2020 жылғы 21 сәуірдегі №308 Жарлығын іске асыру барысында көлеңкелі экономиканы, сыбайлас жемқорлық пен қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату деңгейін төмендету, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілері қызметінің ашықтығын арттыру мақсатында Ұлттық Банк Басқармасы «Заңды тұлғалардың банктік шоттардан күнтізбелік ай ішінде қолма-қол ақшаны алу сомасының шекті мөлшері және банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу жөніндегі талап қолданылмайтын заңды тұлғалардың санаттары туралы» 2020 жылғы 21 сәуірде № 50 қаулыны қабылдады (бұдан әрі – №50 қаулы).

№50 қаулымен заңды тұлғалардың, шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерінің, сондай-ақ банктік шоттардан қолма-қол ақша алу талабы таралмайтын заңды тұлғалардың санаттарынан банк шоттарынан қолма-қол ақша алудың шекті мөлшерлері анықталған. Егер заңды тұлғалар №50 қаулысымен белгіленген күнтізбелік ай ішінде банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу сомасының шектерінен асып кетсе, онда заңды тұлғалардың банктік шоттарынан қолма-қол ақша алуға, №51 бірлескен қаулыға сәйкес келесі шарттар орындалған жағдайда жол беріледі:

- банктік шоттан қолма-қол ақшаны алу мақсатын растайтын құжаттардың болуы;
- заңды тұлғаның Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне және (немесе) оның аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – мемлекеттік кірістер органы) деректерді беруге келісімді ұсынуы;
- заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын қаржы ұйымының мемлекеттік кірістер органынан белгіленген шекті мөлшерден асатын қолма-қол ақшаны беруден бас тарту үшін негіздердің жоқтығы туралы мәліметтер алуы.

№51 бірлескен қаулының 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес белгіленген шектен асатын қолма-қол ақшаны алу туралы заңды тұлғаның өтініш беруінен бастап және мемлекеттік кірістер органынан белгіленген лимиттен асатын қолма-қол ақшаны беруден бас тарту үшін негіздердің болмауы немесе болуы туралы ақпарат алғанға дейін рәсім 3 жұмыс күннен аспайтынын атап өткен жөн.

Сонымен бірге мемлекеттік кірістер органымен қолма-қол ақшаны беруден бас тарту үшін негіздердің болуы туралы шешімді қабылдау Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің «Кұпия ақпарат болып табылмайтын

өлшемшарттар бойынша тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес анықталатын заңды тұлғаны жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызған кезде болады.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Қазақстандағы сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстандағы тұрақтылық пен өркендеудің негізі» атты 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасын орындау мақсатында, Ұлттық Банк, мемлекеттік органдармен және банк қоғамдастығымен бірлесіп, 2020-2021 жылдарға арналған қолма-қол емес төлемдерді кеңейту бойынша Жол картасы шаралар кешенін жүзеге асыру бойынша жұмыс жүргізуде. Осы жұмыс аясында ағымдағы жылдың 1 мамырынан бастап қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту мақсатында білім беру, медициналық және фармацевтикалық қызметтер, жылжымайтын мүлік сатып алу-сату, ақылы жолдар мен автотұрақтарға ақы төлеу, ауылшаруашылық қызметтері сияқты сегменттерде қолма-қол ақшасыз төлемдер қабылдағаны үшін банктер кәсіпкерлер үшін комиссияны орташа есеппен 40% төмендеткен.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №921 қаулысымен салық және кедендік төлемдерден жалтаруға қарсы күреске, қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамытуға, мемлекеттік қаржыны тиімді басқаруға, іскерлік ортаны жақсарту, сонымен қатар әлемдік тәжірибені ескере отырып, көлеңкелі экономиканы бағалауға бағытталған 2019 - 2021 жылдарға арналған көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жоспары бекітілгенін атап өткен жөн.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, №51 бірлескен қаулыға сәйкес жоғарыда аталған барлық шарттар орындалса, қолма-қол ақшаны алу шеңберінде ешқандай кедергі болмайтындығын хабарлаймыз.

**Р. Скляр**

*орынд.: Қалиев Д.Ж.  
тел.: 74-55-10*